

Шамшиева Г.С.

СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХХ ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ

Шамшиева Г.С.

ЛИКВИДАЦИЯ НЕГРАМОТНОСТИ В 20-30-Х ГОДАХ ХХ ВЕКА В СЫРДАРИЙСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье рассматриваются вопросы борьбы против безграмотности в 20-30 годы XX столетия в Сырдарьинской области.

This article deals with matters of fight against illiteracy in the decades of 20-30 of the XX century in Syrdaryynsky region. 20-30-шы жылдардағы ауыл-село тұрғын-дары арасында атқарылған оқу ағарту саласындағы маңызды жұмыстардың бірі - жергілікті халықтың сауатын ашып, білімін көтеру болды. 1917 жылғы Қазан революциясынан кейінгі алғашқы он жылдықтағы қазақ халқының сауаттылығы туралы мәселе - өз тарихымызда жаңа көзқарас тұрғысынан әлі де толық анықталмаған, ашылмаған күрделі мәселе. Оның ең басты себебі – ресми мәліметтерге келтірілген деректердің бір-бірімен қарама-қайшылығы және көбіне сол уақыттағы жүргізілген саясатқа байланысты онды деген нәтижелерді тым асыра бағалау деп ойлаймыз. Қазақстанның тарихшы ғалымдарының зерттеулерінде көрсетілген деректерге сүйенсек, біраз қайшылықтарды кездестіреміз. Мысалы, бірде қазақтардың сауаттылығы Қазан төңкерісі қарсаңында 8,2-10% деп көрсетілсе, екінші деректерде бұл көрсеткіш 18,3%-ға жетеді. [1]

1918 жылдың аяғында Сырдария облысында 58 мектеп (1916 жылы 28 болған) 21660 оқушы (1916 жылы - 2750) оқыды. Өкінішке орай, осыншама оқушының небәрі - 1786-ы немесе барлық оқушының 8,2%-і ғана қазақ балалары болды [2].

Әрине, халықтың сауатын ашып, оны көтеруге мектептер саны мен оларға мектеп жасындағы балалардың тартылуы көп әсер етеді. Сырдария облысы бойынша 1923-1924 оқу жылында I сатылы мектеп саны 103-ке, ал II сатылы мектеп 20-ға жеткен. Бұлардан басқа ауыл мен қыстақтарда жергілікті жердің қаржысы есебінен 280 мектеп болды. Облыс бойынша осы оқу жылында барлығы 456 оқу-тәрбие мекемелері жұмыс атқарды [3].

1920 жылы жергілікті Халық ағарту бөлімдерінің жанынан сауатсыздық жөнінде комиссиялар құрылды. Олар сауатсыздардың

есебін алуды ұйымдастырумен қатар көмекші оқу-құралдарын басып шығарумен шұғылданды.

Халық арасында сауатсыздықты жою жұмыстарына сауатсыздықты жою орындарымен қатар қызыл отаулар мен орыс селоларында орналасқан оқу үйлері (избачитальня) де белсенді түрде араласып отырды.

Осындай мақсатқа арнайы үй салдырып жатудың қажеті де, мүмкіншілігі де ол уақыттары болмады. Әдетте, бұндай жұмыстарды жүзеге асыру үшін олар бай, ауқатты шаруалардан тәркіленген немесе олардан күштеп тартып алынған үй-жайға орналастырылды. Сырттай қарағанда мұның өзі ауыл адамдарының, әсіресе, шаруалар мен кедейлердің алдына әділеттілікті орнықтырудың бір көрінісі сияқты болып көрінгенін мойындау керек. Сөйтіп, мұндай шаралардың көп жағдайда жергілікті халық тарапының көңілінен шығып, әлі де болса сенімсіз, екі ойлы болып жүрген адамдарды Кеңес өкіметі жағына шығуларына аз әсерін тигізбегендігін атап өткен жөн. Екінші жағынан, жергілікті өкімет орындары бұл мақсатқа мешіттерді де пайдалануға жиі баратын. Мұндай жағдайлар құдайға сеніп, сыйынушылар үшін жағымсыз болды және олар тарапынан наразылыққа кездесіп отырды. Бірақта, олардың наразылық білдіріп, шағымдануына қарамастан мешіттер тартып алынып, олардың басым көпшілігі мәдениет мекемелері орналасатын мекен-жайға айналды. Бұл процесс әсіресе 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында күшейді. Сөйтіп, осы уақыттары республикада барлығы 198 мешіттер мен олардың жанындағы медреселер осы күйге ұшырап, олар оқу үйлеріне, клубтар т.б. мәдени-ағарту мекемелеріне айналдырылды.

Ауылдық жерлерде шаруалар мен кедейлердің психологиясына қатты әсер етіп, олардың өзгеруіне айтарлықтай әсер еткен жаңалықтың бірі киноқондырғылар арқылы кино көру болып табылды. 1923 жылы Сырдария облысы бойынша 2 киноқондырғы болса [4], кейінгі жылдарда олардың саны біршама өсті [5]. Көшпелі киноқондырғыларды кеңес өкіметі қызметкерлері алыстағы малды

ауылдарға жіберіп, кино жаңалығын көріп, тамашалауларына мүмкіншілік берді. Әрине бұның өзі шаруалар мен батырактардың ой-сезіміне, санасына әсер етіп, оларды сол уақыттағы қол жеткен ғылыми-техникалық жаңалықтармен таныстырып, оның болашағына деген сенімін арттырып, келешекке зор үмітпен қарай бастағанына әсер еткендігін жоққа шығаруға болмайды. 1925 жылға дейін қазақтардың сауатын ашуға жеткіліксіз көңіл бөлінді. Ал енді одан кейінгі жылдары, яғни 1929 жылға дейін бар болғаны республика бойынша сауатын ашқан қазақтар 67975 адам ғана, оның үстіне қазақстандық орыстар да мез емес еді. Рас, сауат ашу орындарынан (ликбезпункт) басқа шала сауатты ересектерге арналған мектептер мен клубтарда нұсқаушылық, саяси сауаттылық-советтік партиялық және кешкі мектептерде, қызыл бұрыштарда, халық үйлерінде, оқу үйлерінде, шаруалар үйлерінде, қызыл отауларда, кітапханаларда, театрларда, қызыл шайханаларда 1920-1928 жылдары тағы да 75.000 адам, яғни, барлығы Қазақстан бойынша 245.000 адам сауатын ашты [6]. Оларда оқығандардың көпшілігі өзінің есімдерін ежіктеп жазудан әріге бара алмады. Әрине мұндайларды сауаттылар қатарына жатқызуға болмайтын еді. Солай бола тұрса да қағаз жүзінде олар сауаттылар тобына жатқызылды. Аталған мәдени оқу ағарту мекемелері әсіресе ауылдық жерлерде мардымсыз жұмыс істеді.

Мұны тіптен, 1927 жылы VI Бүкілқазақстандық партия конференциясында сөйлеген сөзінде Ф.Голощекиннің өзі де мойындауға мәжбүр болды. “Бізде, - деді ол, - қағаз жүзінде ауылдық мектептер көп, ал іс жүзінде олар ауылда жоқ...” [7]. Әрине жалпы бұқара халық арасында сауатсыздықты жоймай, олардың өміріндегі өзгеріп жатқан жағдайларды дұрыс түсініп, оған дұрыс баға бере қоюы өте қиын еді.

Облыста халықтың көпшілігі ауылдар мен селолар тұрғындарына байланысты мектептер де, онда оқитын оқушылар да ауылдық жерлерде оқитын еді. Мысалы, Сырдария облысында 1923 жылы 1 наурызда 1 миллион 221 мың 773 адам тұрды. Осыншама халықтың тек 10 %-ы ғана, яғни 122 мың 177 адам мектеп жасындағы балалар еді. Бірақта осыншама баладан 17 мың 854 бала немесе 29%-і ғана мектепке тартылған. Осы кезеңде жалпы барлық мектеп жасындағы балалардың 71%-і мектептен тыс қалған [8].

Кеңес өкіметі тұсында мәдени құрылыстың 20-30-шы жылдардағы тарихын біржақты марапаттау орын алды. Тіптен, 20-шы жылдардың аяғына қарай Қазақстан өлкелік

партия комитетінің басшысы Ф.Голощекиннің өзі де кейбір кемшіліктерді де мойындағанын да естен шығаруға тырыстық. Ол Орталық партия комитетіне жазған хатында, Қазақстандағы мәдени құрылыс жайы туралы айта келіп, былай деген: “1928 жылдан бастап мәдени құрылыс саласында ірі жетістіктер орын алды. Бірақ та ... айта кеткеніміз жөн, мәдени майдан, әсіресе, ұлттық тұрғыдан қарағанда әлсіз майдан болып табылады.

Мектеп жасындағы балаларды оқумен қамту 83,6% болса, оның ішінде қазақтардан оқуға қамтылғандардың жалпы санының мөлшері 45%-ы. Жоғары тұрғыдағы мектептерде оқитын қазақтардың санына келсек, ол тіптен нашар. Мұны мынамен түсіндіреміз : қазақ ауылындағы мектептердің I-ші сатысының нашар дамуы, көшпелі қазақ ауылдарының шашырап қоныстану сипаты салдарынан деп түсіну керек. Екіншіден, оқытушылар қатарының тым жеткіліксіз және төмен деңгейімен қиындап отыр [9].

Кәсіби даярлығы әлсіз мұғалімдердің бала оқыту әдістемесін А.Байтұрсынов былайша суреттеді : “Оқыта білмейтін мұғалімдер оқу жұмысының салмағын балаларға ғана артып, өзі: ”Әй, оқыңдар !” – деп тыныш отырады. Ондай оқу мұғалімге тыныш екені рас, бірақ оқудағы мақсатты нәрсе мұғалімнің тыныштығы емес, балалардың білім үйренуі ғой. Оқыта білмейтін мұғалімдердің белгісі осы - “Әй, оқыңдар”, бұлардан балалар білім үйреніп жарымайды” [10].

Мектеп жасындағы балалардың мектепке тартылмауы әсіресе халықтың көп бөлігі ауылдық жерлерде тұратын уездерде: Түркістан, Қазалы, Ақмешітте мектеп жасындағы балалардың 3,1%-дан 6,1%-ға дейінгісі мектепке бармаған. Губерния бойынша жалпы алатын болсақ оқуға баратын балалар санының небәрі 13%-ы ғана мектепке тартылғанын деректен байқауға болады [11].

Мектепке балалардың аз тартылуының басты себебі, қаржының аздығы. Мысалы, 1923-1924 оқу жылында бұрынғы облыс бойынша халыққа білім беру мақсатына 2 млн. 182 мың 757 сом босатылу қарастырылса, шын мәнінде оның тек 50%-ін ғана алуға мүмкіншілік болған. Әрине бұл көрсеткіш бұрынғы жылмен салыстырғанда әжептәуір көп болғанымен (1922-1923 оқу жылында 459 мың 966 сом), жалпы халыққа білім беруге жіберілген қаражаттың әлі де болса өте төмен екендігін дәлелдесе керек.

Ал келесі, 1924-1925 оқу жылында халыққа білім беру ісіне 2 млн. 871 мың 492 сом жоспарланған, бірақ жоспар орындалмай қалған [12].

1920-шы жылдардың бірінші жартысында Қазақстанның оңтүстік облыстарында, оның ішінде Түркістан республикасының қарамағындағы Сырдария облысында мектеп шаруашылық кеңестері кеңінен тарады. Бұл кеңестер ауыл мектептерінің материалдық шаруашылыққа деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысып бақты. Кеңестердің құрылуына ауыл, село мен қыстақтарда Түркістан Республикасы Халық Комиссарлары кеңесінің 1921 жылғы қарашаның 21 жұлдызында қабылданған «Мектеп және басқа да мәдени-ағарту орындарын қамтамасыз етуді жақсарту шаралары туралы» қаулысы негіз болды. Кеңес жергілікті болыстық комитетке бағынатын және мектепті қажетті нәрселермен қамтамасыз етумен айналысатын. Бірақ та, өкініштісі, осындай атқарылған жұмыстарға қарамастан мектептердің жағдайы, әсіресе ауылдық жерлердегі, өте нашар болды. Мектеп үйлері үнемі жөндеуден өтпей, қыста от жағылмай, оның іші суық болатын. Білім берудің алғашқы сатысы болып табылатын ауыл мектептері түгелдей ескі, сықсқан терезелері бар бір бөлмелі жер кепелерде орналасты. Көп жағдайда осы жер кепелерде мектеппен бірге жеркепе иесінің жанұясы да тұрып жатты. Көптеген мектептерде парталар атымен болған жоқ, балалар жер еденде немесе жыртық төсеніште (киізде) отырды. Класс тақтасының орнына тот басқан темір қалақтар пайдаланылды. Көптеген мұғалімдердің (ауыл оқушыларының) қажетті педагогтық білімдері болмады. Олардың арасында тіптен төмен сауаттылар кездесті. Негізінен отырықшы ұлттар тұратын селолардағы мектеп үйлерінің 30%-ында жеке үйлері болса, ал ауыл мұғалімдеріндегі жеке баспаналар үлесі 2% көрсеткішті ғана құрады. Бұлардың үстіне мұғалімдердің жалақылары өте аз және оның өзі де уақытылы төленбейтін еді [13].

Міне осындай себептерден көп мұғалімдердің жұмыс жасауына жағдайдың жоқтығы, олардың ауылдық жер қыстақтардан кетіп қалуларына әкеліп соқтыратын. Әрине бұндай жағдай, айналып келгенде, мысалы облыстың Қазалы, Мырзашөл және Шымкент уездерінде ондаған мектептердің жабылуына әкеліп соқты. Расында, мектептердің нашар жағдайда ұсталып, мұғалімдердің тұрақтамауы көп жағдайда қаржы тапшылығына байланысты болды. Қазақстанның сол уақыттағы Халық ағарту Комиссары С.Сәдуақасов 1926 жылы 29 қазанда Ташкент қаласында өткен Қазақ педагогтік жоғары мектебінің ашылуы құрметіне арналған салтанатты мәслихатта сөйлеген сөзінде былай деген еді: “Білімге деген талпыныс таудай, бірақ оны

қанағаттандырырлықтай күш мен қаржы тапшы, әсіресе, қазіргі зор мәдени талап тұрғысынан алғанда мүлдем жеткіліксіз [14].

Сауатсыздықты жою орындарын әліппемен қамтамасыз ету, сауатсыздықты жою мектептеріне жазылғандарды есепке алу және т.б. шаралар жүргізіліп отырды. Жалпы елде ересек адамдардың сауатсыздығын жоюға көп көңіл бөліді. Сауатсыздықты жою үшін төтенше комиссия құру қажет болды.

Әрине, сауатсыздықты жоюға байланысты жұмыстар тек кәсіпорындарда жұмыс істейтін одақ мүшелерімен шектеліп қана қоймай, жұмыссыз жүрген кәсіподақ мүшелерін сауатсыздықты жою орындары жұмысына кеңінен тартылып отырды.

Өлкелік партия комитетінің V пленумы (1925 жылғы желтоқсан) Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқытындар құрамында қазақ үлесінің 70%-дан кем болмауы туралы шешім қабылдады. Өйткені қазақ ауылын сауаттандыру процесі енді ғана басталғанда жоғары оқу орындарында оқытын қазақтар саны өте аз еді. Оның сол кездегі республика партия ұйымының басшысы Ф.Голощекиннің өзі мойындауға мәжбүр болды. «Бізде,- деген ол, - ашылып жатқан курстарға, техникумдарға сауатты адамдар жетіспейтін жағдай қалыптасып отыр. Жергілікті халықтың есебінен техникумдарға және жоғары оқу орындарына әзірлеу үшін ашылған курстар сауатты адамдардың жетіспеуіне басқа ұлттармен толықтырылуға [15].

1928 жылы ашылған Қазақстандағы тұңғыш педагогикалық жоғары оқу орын Абай атындағы ҚазПИ-де (қазіргі АлМҰУ) жергілікті халық өкілдерін оқуға тарту мардымсыз болды. 1928-1929 оқу жылында оқыған 124 студенттің небәрі 79-ы ғана қазақ балалары болса, келесі оқу жылында бірде-бір қазақ баласы қабылданбаған. Тек 1931-1932 оқу жылында ғана мұндағы барлық 438 студенттің қатарын 250 қазақ балаларымен толықтыруға мүмкіншілік туды [16].

Түркістан республикасындағы жалғыз бір университетте (Ташкент қаласында) 1923-24 оқу жылында оқыған 2674 студенттің небәрі 14 адамы ғана жергілікті халықтардың өкілі болды. Бұны бір жағынан, жергілікті халық өкілдерінің жалпы дайындығының жеткіліксіздігімен, екіншіден, олардың орыс тілін білмегендігімен түсіндіруге болады. Осы жағдайды түзету мақсатымен жергілікті халықтың білімін арттыру үшін жұмысшы факультетінің қызметін жақсарту көзделді. Осында оқып жатқан 450 адамның ішінен 270 адам жергілікті халық өкілдері болды [17]. Бірақ, келешекте осындай факультеттерді өлкенің басқа да ірі қалаларында ашу көзделгенімен, ол тек қағаз жүзінде ғана

калып, іске аспады. Бір ерекше айтып кететін жайт, социализмді сауатсыздар мен шала сауаттылардың күшімен орната алмайтындығын большевиктер жақсы түсінгендіктен, өлкеде жоғары және арнаулы орта мектептер ашуға және оларды жетілдіруге үлкен көңіл бөлуге мәжбүр болды. Нәтижесінде, 1928 жылы Қазақстанда жалғыз педагогтық жоғары оқу орны болған болса, 1932 жылы олардың саны 8-ге жетті. Ал педагогтық техникумдар осы мерзімде 17-ден 29-ға, ал басқа техникумдар 16-дан 52-ге дейін өсті [18].

Дегенмен, біржақты таптық идеологиямен улана бастаған және әртүрлі саяси-әлеуметтік дүрбелеңдерді әдейі қолдан жасай бастаған тоталитарлық жүйе жағдайында адамдарды орта және жоғары оқу орындарына тарту үлкен қиыншылықтарға кездесті.

Сондықтан да, 20-жылдардан бастап жүргізілген сауатсыздыққа қарсы күрес елеулі нәтижеге қол жеткізді десек те, халықтың басым көпшілігі сауатсыз күйінде қалып қойды. 1926 жылы республикада сауатсыздар қатары 1,8 миллионға жуық еді. Олардың қатарында бұрынғысынша мектеп жасындағы балалар да көп болып қала берді. Сауатсыздық көшпелі және жартылай көшпелі өмір сүріп жатқан алыстағы аудандарда әдеттегі қалыптасқан жәй болып қала берді.

Сонымен, сауаттылық мәселесін қорытындылар болсақ, сауат ашу науқанын Қазақстан жерінде жоғары жақтың нұсқауымен ірі жетістіктерге жету жолы тек оның санын ғана көтеру, алайда оның сапалық жағына көңіл бөлмеу - сол уақыттағы кезекті науқанға тән болғандығын айтпасақ болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сүлейменов Р.Б. Великий Октябрь и культурное преобразование в Казахстане. Алма – Ата «Наука», 1987. 866-Б27
2. Сулейменов Р.Б., Бисенов И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. Алма-Ата., «Наука» Казахской ССР. 1967, Б.424-796.
3. Оңтүстік Қазақстан облыстық архивінің филиалы. 26-қ., 1-т., 71-іс., 59 п
4. Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві. 168-қ., 1-т., 739-іс., 260 п
5. ҚРОМА. 168-қ., 1-т., 225-іс., 21 п
6. Материалы к отчету ЦИК КАССР 3 сессии ВЦИК 13 созыва. Қзыл-Орда. ЦИК Казахстана. 1928, Б-140- 111.б.
7. Голощекин Ф. Отчет краевого комитета УИ Всеказахской партконференции. //15-23 ноябрь 1927 г. Қзыл – Орда: Изд.КазГИЗ, 1928. Б-198-99.б.
8. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. 17-қ., 1-т., 739-іс., 260 п
9. ҚРОМА. 141-қ., 17-т., 605-іс., 74 п.
10. Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы. Жалын. 1991. Б.463- 252 б.
11. Оңтүстік Қазақстан облыстық архивінің филиалы. 26-қ., 1-т., 71-іс., 60 п.
12. Бұл да сонда.
13. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. 17-қ., 1-т., 739-іс., 261 п.
14. Сәдуақасов С. Жоғары оқу орнының Қазақстан үшін мәні, маңызы. // Ақиқат., 1994., № 17,33 б.
15. Голощекин Ф. Отчет краевого комитета – 100 б.
16. Материалы к отчету...- 99 б.
17. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. 34-қ., 1-т., 899-іс., 40 п.
18. Материалы к отчету Казахского Краевого Комитета ВКП (б) на УИ еказахской партиинной конференции